

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша орналасқан Ресей Федерациясы әскери құрамаларының және олардың құрамына енетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл туралы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 2 тамыздағы N 2395

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_2-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша орналасқан Ресей Федерациясы әскери құрамаларының және олардың құрамына енетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл туралы 1994 жылғы 29 желтоқсанда Москва қаласында қол қойылған Келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті